



**Бейнеу ауданына экологиялық
туризмді дамыту**



Бейнеу ауданы – Маңғыстау облысының солтүстігіндегі әкімшілік бірлік. Аудан орталығы - Бейнеу кенті. Ақтаудан Бейнеуге дейінгі арақашықтық - 470 км. 1973 жылы құрылған. Әкімі Таңбаев Балтабек. Қазіргі кездегі тұрғындар саны 62 586 .

Ұлттық құрамы: қазақтар (99,05%) , карақалпақтар (0,46%), өзбектер (0,24%), орыстар (0,09%), басқа халықтары (0,15%)

Жер аумағы 40 519 км² құрайды.

Бейнеу ауданына экологиялық туризмді дамыту

Экологиялық туризм (фр. *tourisme*, фр. *tour* — сейілдеу, сапар) — туризмнің жаңа шыққан түрлерінің бірі; сауықтырушылық, танымдық, қарым-қатынастық қажетсінулер ұштастырылатын, халықтың тынығуға қатысты қажетсінулерін неғұрлым толық қанағаттандыруға мүмкіндік беретін туризм саласы.

Бейнеу ауданына туризм бағыттарының ішіндегі өзін айқын көрсетіп, маңыздылығы жағынан алдыңғы қатарда тұрған ерекше түрі - экологиялық туризмді дамыту жобасын жүзеге асырғым келеді. ерекше формасы «денсаулықты нығайту туризмді» дамытуға мүмкіндік береді.. Айта кетерлік жағдай, экологиялық туризмді дамыту үшін әр түрлі табиғи ресурстар қажет. Экологиялық туризмнің ресурстары болып табылады: табиғи –климаттық факторлар рельеф, су объектілері, флора және фауна, ерекше және қызықты қарапайым табиғи аймақтар. Осы орайда экологиялық туризмді бейнеу ауданы бейнеу кентіне, яғни, бейнеудің орталығына дамытып, экологиялық таза аймақ ретінде қарастыру керек. Туристік ортаға келген қонақтарды тек қана сол жердің әсемділігімен таңдандырумен қоса, денсаулық жағдайы жақсару қажет. Ең бастысы қолжетімді бағада болуы. Туристік ортаға адам денсаулығына пайдалы өсімдіктер мен ағаштар отырғызу керек. Біз білетініміздей Бейнеу кентінің топырағы құнарсыз әрі құрғақ. Ең алдымен жерді құнарландыру керек.

Топырақты құнарландыру

Топырақты құнарландыру үшін химияландыру техникасын пайдалана отырып, соның ішінде органикалық тыңайтқыштармен байыту.



Органикалық тыңайтқыштардың тобына төмендегілер жатады:

- өсімдік тектес;
- құрғақ жануарлар тектес;
- балық эмульсиясы негізінде;
- жануарлардың көңі мен тезегі;
- табиғи (синтетикалық емес) минералдар;
- балдырлар негізінде;
- компосттар.

Сабан мен пішен

Бұл тыңайтқыштарға қалаған кезде қол жеткізу соншалық қиын болмаса да, оның құндылықтары туралы көп жағдайда ұмытып кетеді. Сабан мен пішен әртүрлі пайдалы қасиеттерге ие, мысалы олардың бірі ретінде суды сіңіру мен ұстап тұру қасиетін айтсақ болады. Сабанның бір бөлігі судың үш бөлігін сіңіре алады. Микроағзалардың өсімдік қалдықтарын, әсіресе сабанды қайта өңдеуі кезінде өсімдіктерге ауруларға қарсы төзімділік қасиет беретін ерекше зат экотол өңделініп шығады. Сабанды топыраққа себуден бұрын оны дұрыс дайындау қажет.

Ағаш үгінділері

Ағаш үгіндісін көп мөлшерде сеуіп, одан мол өнім күтетінін байқауға болады. Нәтижесі – қураған, сарғайған өнім. Ағаш үгінділері шіру кезінде азотты көп мөлшерде сіңіреді. Негізінен, шіри бастаған ағаш үгіндісін пайдаланған дұрыс. Олардың әр қапшығын азотты тыңайтқыш қоспасымен кезек-кезек араластыра отырып, бір үйме қылып жинайды. Қоспаны құстардың көңімен араластыруға да болады. Ағаш үгінділерін компостпен араластырудың қажеті жоқ, себебі олар 2-3 жылға дейін шірімей қоюы мүмкін. Қара шірікке айналған ағаш үгінділерін таңқурайдың, қарақаттың, қарлығанның түбіне (қалыңдығын 5 см етіп) пайдаланады. Нәтижесінде олардың маңына утаспа мен қияқ сияқты арамшөптер өспейтін болады.

Әсем әрі емдік өсімдіктерді өсіру

Хош иісті – раушан, түймедағы, жалбыз, герань, жусан, шалфей, лаванда гүлдерін отырғызу керек. Бұл миға, психосоматикалық ауруларды ауруға ем болуға әсер етеді.

Болашақ Бейнеу кенті





